

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ

ШЕТ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ

Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған
«АЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕГІ ШЕТ ТІЛДЕРІ:
ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯСЫ»
атты халықаралық онлайн ғылыми-практикалық
конференцияның материалдарының жинағы

26 қараша, 2021 ж.

Collection of articles of the International
online scientific and practical conference
"FOREIGN LANGUAGES IN ASIAN COUNTRIES:
TEACHING EXPERIENCE AND INNOVATION"
dedicated to the 30th anniversary of Kazakhstan's Independence

November 26, 2021

Сборник материалов Международной
научно-практической онлайн-конференции
«ИНОСТРАННЫЕ ЯЗЫКИ В СТРАНАХ АЗИИ:
ОПЫТ ПРЕПОДАВАНИЯ И ИННОВАЦИИ»,
посвященной 30-летию независимости Республики Казахстан

26 ноября 2021 г.



INNOVATION

Нур-Султан
2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ**

ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІ КАФЕДРАСЫ

**Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған
«Азия елдеріндегі шет тілдері: оқыту тәжірибесі және инновациясы» атты
халықаралық онлайн ғылыми-практикалық конференцияның
материалдарының жинағы
26 қараша, 2021 ж.**

**Collection of articles of the International online scientific and practical
conference "Foreign Languages in Asian Countries:
Teaching Experience and Innovation"
dedicated to the 30th anniversary of Kazakhstan's Independence
November 26, 2021**

**Сборник материалов Международной научно-практической
онлайн-конференции «Иностранные языки в странах Азии: опыт
преподавания и инновации», посвященной 30-летию независимости
Республики Казахстан
26 ноября 2021 г.**

@Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2021

Нұр-Сұлтан, 2022

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
А30

Редакция алқасы:

Төраға – Қосыбаев М.М., PhD, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ халықаралық қатынастар факультетінің деканы
Жауапты редактор – Мейрамбекова Л.К., PhD, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ халықаралық қатынастар факультетінің шетел тілдері кафедрасының меңгерушісі
Ғылыми редакторлар – Бейсембаева С.Т., ф.ғ.к.,
Есенғалиева А.М., п.ғ.к.
Техникалық редакторлар – Милованова Н.В., магистр;
Кулахметова Ж.Т., магистр

«Азия елдеріндегі шет тілдері: оқыту тәжірибесі және инновациясы»
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциясының материалдары (26 қараша 2021 жыл). – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 299 б.

ISBN 978-601-337-620-2

Жинаққа «Азия елдерінде шет тілдерін оқыту: тәжірибесі мен инновациясы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференцияның материалдары енді. Конференцияға Ресей Федерациясы, Франция, Испания, Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан және Қазақстан білім берудегі саласының мамандары қатысты.

Жинақта білім беру ісінің өзекті мәселелері, осы заманғы озық технологияларды меңгеру мен оны оқыту ісінде қолданудың тиімді әдістері, кредиттік оқыту жүйесінің теориясы мен әдістемелік негіздері, педагогикалық қызметтің теориясы мен практикасы, халықаралық білім беру технологияларын тиімді пайдаланудың әдіс-тәсілдері кең көлемде қамтылған.

Конференция материалдары профессор-оқытушылар құрамына, ЖОО-ның білім алушыларына, сонымен қатар қалың көпшілікке арналған.

ISBN 978-601-337-620-2

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ КОММУНИКАТИВТІК ЖӘНЕ КОГНИТИВТІК СТРАТЕГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

Ахметқалиева Қырмызы Қайратқызы

Pkurmyzy.khamit@gmail.com

магистрант

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Купаева Айсұлу Корабековна

ais.kupayeva@yandex.ru

PhD, шет тілдері кафедрасының доценті

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Жалпы стратегия- дегеніміз белгілі бір мақсатқа жету жолы. Грек тілінен аударғанда «қолбасшы өнері» дегенді білдіреді, бірақ бүгінде ол әскери емес, саясатта, спортта, тіпті педагогика саласында да қолданылады. Дж.Ричард пен Дж.Плат стратегия дегеніміз - бұл интеллектуалды мінез-құлық және ойлау, білім алушылардың тілдік ақпаратты жақсы түсіну, үйрену және есте сақтауы үшін оқу процесінде қолданатын көмекші құрал деген [1;325].

Шет тілін оқытудағы міндеттің бірі әдістемелік құралдар мен әдістер көмегімен студенттердің өз қажеттіліктеріне сай тиімді, қолайлы стратегияларды қолдануға қызығушылықтарын ояту болып табылатыны белгілі. Оқыту стратегияларының қайсысы болмасын шет тілін меңгеру мақсатында алға саналы жылжу шеберлігі, меңгеруді өзінше жеңілдету дегенді білдіреді. Осы себепті біз ағылшын тілін меңгеруде ерекше екі стратегиялар тобын зерттеу объектісі ретінде алдық. Олар коммуникативтік және когнитивтік стратегиялар.

Е.В. Клюев коммуникативтік стратегия деп сөйлеуші алдын-ала жоспарлаған және коммуникативті мақсатқа жетуге бағытталған коммуникативті акт барысында жүзеге асырылатын тәсілдер жиынтығы деп түсіндіреді [2;18]. Ал О.С. Иссерс коммуникативті стратегияға «коммуникативті мәселелердің оңтайлы шешімі қаралатын когнитивті қарым-қатынас жоспары» деп анықтама береді [3;26].

Зерттеу барысында Еуразия ұлттық университетінің саясаттану факультетінің бірінші курс студенттеріне «*Ағылшын тілінде еркін сөйлесуге не кедергі?*» деген сауалнама жүргізілді. Сауалнама қортындысы бойынша студенттердің 60% - өз ойларын дұрыс жеткізе алмау, 30% сөз қорының жеткіліксіздігі, ал қалған 30% грамматика, дыбыстау т.б кедергі екендігін атап өтті. Аталған лингвистикалық ресурстардың жетіспеушілігінен туындап отырған проблемаларды коммуникативтік және когнитивтік стратегияларды оқыту арқылы шешуге болады.

Коммуникативті стратегиялар тілдік құзіреттіліктің жеткіліксіздігіне қарамастан тілдік проблемаларды лингвистикалық емес ресурстарының көмегімен шешу. Коммуникативті стратегияларды оқыту сыныпта орындалатын

кез-келген тапсырмаға енгізілуі мүмкін. Біз бір оқу семестрі барысында келесі коммуникативті стратегияларды ағылшын тілі сабақтарында студенттерге таныстырып, тәжірибеледік.

«*Circumlocution*»-бұл сөздерді немесе сөз тіркестерін ағылшын тілінде білмеген кезде сипаттау үшін қолданылатын стратегия. Біртілді сөздіктерді қолдану осы стратегияны меңгеру үшін өте пайдалы. Мысалы жаңа лексика өту барысында студенттерге таныс емес сөзді қазақ тіліне аудармай, тек ағылшын тіліндегі сөздікті қолданып мағынасын, анықтамасын көрсету. Сонымен қатар қатыстық есімдіктер, үстеулер немесе сөздің синонимдерін қолдану да «*circumlocution*» стратегиясын дамытуға арналған. Мысалы жаңа сөз «*a computer programmer*». *Who* қатыстық есімдігі арқылы берілген сөзді «...is a person who makes computer programs using a programming language» деп түсіндіруге болады. Синонимдер арқылы жеткізетін болсақ: *software developer, a coder or a hacker* [4;590]. Бұл стратегияны студенттерге бірнеше сөздер тізбегі беріліп, біртүрлі *Oxford* сөздігінен мағыналарын және синонимдерін іздестіру деген тапсырмалар арқылы жаттықтырылды.

«*All-purpose words*» - бұл нақты сөз білмеген жағдайда соған жақын бірнеше сөздермен бос лексикалық элементті толтыру стратегиясы [5;55]. Мысалы *get* етістіктің әмбебап (*Richards & Schmidt, 2002*) екенін білетін студент келесі етістіктердің (*obtain, acquire, become, catch, receive, succeed, enter, earn, realize, retrieve, etc.*) мағынасын осы бір ғана етістікпен жеткізе алады [6]. Әмбебап сөздерді қолдану студентке сөздік қорының жетіспеушілігін өтеуге мүмкіндік береді. Студенттер бұл стратегияны берілген сөздер мен сөз тіркестерін бірнеше басқа жақын сөздермен немесе тіркестермен алмастыру арқылы жаттықтырды.

«*Appealing for help*» - бұл түсініксіз жағдайда сұрақ қоюдың, көмек сұраудың немесе қайталауды сұраудың тікелей стратегиясы. Мысалы: *Pardon me!, What does ... mean?, How do you say ... in English?, Could you please repeat your question?, I don't get you. What do you mean?, Can you say that again?, May you write it up?, How do you spell that?, Can you explain more?, I didn't understand the first part, could you please repeat that?* Бұл стратегияны студенттер диалогтар барысында қолданды.

«*Fillers*»- бұл студенттерге не айту керектігі туралы ойлануға көбірек уақыт қажет болған кезде көмекке келуі керек бірнеше тұрақты тіркестер. Олар уақытты үнемдеу және сөйлесуді жалғастыру үшін қолдануға болатын кідіріс немесе тартынудың баға жетпес құралы болып саналады [7;16]. Мысалы: *well, I think/mean, I believe that, let's say, let me think/see, actually, you know, as a matter of fact, to be quite honest with you, you see what I mean, as far as I know/remember, in my idea/opinion, uh, what else I can say, how can I say that?* Студенттерге ешқандай көмекші тұрақты тіркестерсіз мәтіндер берілді және берілген жоғарыдағы көмекші тіркестерді сай орындарға орналастыру керегі айтылды. Соңында көршілесімен салыстырылды.

Берілген стратегиялар бір оқу семестрі барысында ағылшын тілін оқытуда тәжірибеде қолданылды. Нәтижесінде студенттердің ағылшын тілінде сөйлеуге

деген құлшыныстары артты және сөйлесу барысында туындаған қиындықтарды шешуге, өзара түсінісуіне көмектесті, яғни қарым-қатынас сапасын арттырды.

Ағылшын тілін меңгеруде тағы бір ерекше стратегиялар тобы- ол когнитивті стратегиялар. Аталған стратегияларды зерттеу қазіргі таңда көптеген зерттеушілердің (Oxford, R., Maley, A, A. Венден, Н.Ф.Коряковцева, О.П. Крюкова, Н. В. Чичерина және т. б.) зерттеу тақырыбына айналған. Когнитивтік оқыту-бұл есте сақтап алып қайталау емес, бұл шынайы түсінуді дамыту, үйренуді үйрену дегенді білдіреді [8;118].

Осы оқыту стратегиясының мысалдары ретінде келесілерді атап көрсетуге болады: студенттерден өз тәжірибелері туралы ойларын сұрау, студенттерге проблемалардың жаңа шешімдерін табуға көмектесу, оқытылған нәрселер туралы пікірталастар ұйымдастыру, студенттерге идеялардың қалай байланысты екенін білуге және түсінуге көмектесу, студенттердің түсінуі мен есте сақтауын жақсарту үшін визуализацияны пайдалану, дедуктивті және индуктивті пайымдау әдістері, сыни ойлау, салыстырмалы талдау, зерттелгенді жалпылау, қорытындылау және т.б.

Тәжірибе барысында проблемаларды анықтау және одан шығу жолдарын қарастыру үшін қазір кеңінен қолданылып жүрген fishbone, six hats сияқты әдістер қолданылды. Бұл стратегияларды енгізгенде студенттердің оқуға, тіл үйренуге деген қызығушылықтарының артқанын және оқу процесіне толық қатысып отырғандарын байқадық.

Сонымен, когнитивтік стратегиялар оқу барысында тілдік материалды түсінумен, есте сақтаумен және сөйлеуде қолданумен байланысты болатын болса, коммуникативтік стратегиялар шет тілінде қарым -қатынас жасауда ақпаратты, ойды тиімді жеткізу жолдарын қамтамасыз ететін әрекеттер тізбегі болып табылады. Яғни ағылшын тілін оқытуда екеуі бір- бірімен тығыз байланысты.

Қорытындылай келе, студенттер ағылшын тілін тиімді меңгеруде когнитивтік және коммуникативтік стратегиялардың рөлі ерекше екенін және ағылшын тілі сабақтарында кең ауқымды игерілуі керек екенін атап өтеміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Richards J., Platt J. Longman Dictionary of Language Teaching and Applied Linguistics. - Essex: Longman, 1992. - 423 p.
2. Ключев Е.В. Речевая коммуникация: успешность речевого взаимодействия. – М.: Рипол классик, 2002. – 320 с.
3. Иссерс О.С. Коммуникативные стратегии и тактики русской речи. Изд. 8-ое. – М.: Ленанд, 2017. – 308 с.
4. Van den Branden K. Effects of negotiation on language learners' output // Language Learning Journal - 47(4). – 1997. - P. 589-636.
5. Dörnyei, Z. (1995). On the teachability of communication strategies. // TESOL Quarterly. - 29(1) – P. 55-85.

6. Richards J.C., Schmidt R. (2002) Longman Dictionary of Language Teaching & Applied Linguistics (3rd edition). - Essex: Pearson Education Limited, 2002 – 654 p.
7. Dörnyei Z., Thurrell S. (1991). Strategic competence and how to teach it. // ELT Journal - 45(1) – P. 16-23.
8. Rubin J. (1981). Study of Cognitive Processes in Second Language Learning. // Applied Linguistics – 11– P.117-123.

ӘОЖ: 372.881.111.1

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ ВЕРБАЛДЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ДАМУ

Ботабаева Айгерім Жандарбекқызы

aigerim.00.98@mail.ru

магистрант

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Кулахметова Жанна Ташқызы

zh.kulakhmetova@gmail.com

аға оқытушы, гуманитарлық ғылымдарының магистрі

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты білім беру жүйесінде өзгерістер байқалуда. Бұл өзгерістер оқытудың жаңа технологияларын қолдануды талап етеді. Инновацияның дамуы және оның сабақ жүйесінде орынды әрі талапқа сай қолданылуы оқытушылар үшін өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл жұмыстың мақсаты – білім беру жүйесінде қолданылатын жаңа инновациялық технологияларды қарастыра отырып, оның вербалды қарым-қатынасты дамытудағы мүмкіндіктерін көрсету болып табылады.

Қоғамның қазіргі даму кезеңінде жаһандық компьютерлендіру адам қызметінің барлық салаларын, соның ішінде ғылым мен білімді қамтиды. Интернеттің дамуы және оқу процесін жеңілдететін көптеген компьютерлік бағдарламалардың пайда болуы, шет тілдерін үйрену жолын айтарлықтай өзгертіп, сан алуан мүмкіндіктер берді. Инновациялық технологиялар оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен дүниетанымдарын дамытудағы қолайлы әдістердің бірі ретінде қарастырып отыр [1;78].

Н.К. Рябцеваның ойынша компьютерлік технологияны пайдалану, оқу процесіне эвристикалық жаңалық енгізеді және өзін-өзі тану мен өзін-өзі жетілдіруге мотивация береді, сонымен қатар сабақты тартымды және шын мәнінде заманауи етуге мүмкіндік береді деп тұжырымдайды [2; 456].

Оқытудың заманауи технологиялары әртүрлі формаларды, әдістерді, оқыту құралдарын оңтайлы қарастыра отырып, қойылған мақсаттарға неғұрлым тиімді жолмен қол жеткізуді көздейді. Осы орайда, тілді меңгерудегі процесс қызықты, мазмұнды әрі шынайы тілдік шығармашылыққа айналғанда